

Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес отырысының

№ 2 хаттамасы

24 қазан 2024 жыл

Күн тәртібінде

1. Педагогикалық әдептің кейбір мәселелері туралы №190 заң негізінде құқықтық және адамгершілік негіздерін сақтау.
2. Педагогтардың көпшілік ортадағы әдеп-этикалық нормалары
3. Мектептегі педагогикалық әдепті қамтамасыз ету және сақтау

**Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша педагогикалық әдеп кеңес төрағасы
А.Н Аскарова**

Педагог жұмыскердің:

- 1) кәсіби қызметіне арналған жағдаймен қамтамасыз етіле отырып, педагогтік қызметпен айналысуға;
- 2) ғылыми-зерттеу, тәжірибелік-эксперименттік жұмыспен айналысуға, педагогтік практикаға жана әдістемелер мен технологияларды енгізуге;
- 3) дара педагогтік қызметке;
- 4) тиісті білім беру деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының талаптары сақталған жағдайда педагогтік қызметті үйымдастырудың тәсілдері мен нысандарын еркін тандауға;
- 5) білім беру үйымдарын басқарудың алқалы органдарының жұмысына қатысуға;
- 6) бес жылда бір реттен сиретпей, ұзактығы төрт айдан аспайтын біліктілігін арттыруға;
- 7) санатын арттыру мақсатында мерзімінен бұрын аттестатталуға;
- 8) педагогтік қызметтегі табыстары үшін мемлекеттік наградалар, құрметті атақтар, сыйлықтар мен атаулы стипендиялар түрінде моральдық және материалдық көтермеленуге;
- 9) өзінің кәсіптік ар-намысы мен қадір-қасиетінің қоргалуына;
- 10) әскери қызметке шақырылу мерзімінің кейінге қалдырылуына;
- 11) ғылыми қызметпен айналысу үшін педагогтік өтілі сақтала отырып, шығармашылық демалыс алуға;
- 12) білім беру үйымы әкімшілігінің бұйрықтары мен өкімдеріне шағым жасауға;
- 13) білім алушылар, тәрбиеленушілер және олардың ата-аналары немесе өзге де заңды өкілдері тарапынан өз ар-намысы мен қадір-қасиетінің құрметтелуіне құқығы бар.

3. Педагог жұмыскер:

- 1) өзінің кәсіптік күзыреті саласында тиісті теориялық және практикалық білімді және оқыту дағдыларын менгеруге;
- 2) мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының талаптарына сәйкес ұсынылатын білім беру қызметтерінің сапасын қамтамасыз етуге;
- 3) білім алушыларды жоғары имандылық, ата-аналарына, этномәдени құндылықтарға құрмет көрсету, қоршаған дүниеге ұқыпты қарап рухында тәрбиелеуге;
- 4) білім алушылардың өмірлік дагдыларын, күзыретін, өздігінен жұмыс істеуін, шығармашылық қабілеттерін дамытуға;
- 5) өзінің кәсіптік шеберлігін, зияткерлік, шығармашылық және жалпы ғылыми деңгейін ұдайы жетілдіріп отыруға;
- 6) бес жылда бір реттен сиретпей аттестаттаудан өтуге;
- 7) педагогтік әдеп қағидаларын сақтауга;
- 8) білім алушылардың, тәрбиеленушілер мен олардың ата-аналарының немесе өзге де заңды өкілдерінің ар-намысы мен қадір-қасиетін құрметтеуге міндетті.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша кеңес мүшесі : Р.Х Токабаева (математика пәні мұғалімі)

Ұстаз ата-аналармен, окушылармен және әріптестерімен әңгімелесу кезінде педагогикалық этика нормалары мен ережелерін сақтау міндепті. Райхан Х чаттардағы қарым-қатынастың қарапайым нормаларына токталып, мессенджерлер жіберу туралы бірқатар мысалдар келтірді. Жеке сұрақтарының берілуінде жалпы алқалық чатқа араластырмады ескертті. Сөйлеу кезінде этикалық нормаларды ұстауға кеңес берді.

Ұстаз этикасы – мұғалім мен бала, ата-ана мен мұғалім арасындағы қарым-қатынас. Педагогикалық этика – ұжым ішінде, мұғалімдер арасында басталып, өзінің занды жалғасын сыныптарда табуы тиіс. Моральдық тәрбие – жан-жақты және үйлесімді дамыған адамды қалыптастырудың пәрменді құралы. Адамгершілікке тәрбиелеу ісінің тек өзінің ғана тән ерекшеліктері мен зандылықтары болғандықтан, оның ғылыми негізделген жүйесі жасалуға тиіс. Бұл маңызды да құрметті міндеп педагогика және этика ғылыми өкілдерінің ынтымағы нәтижесінде ғана жүзеге асуы мүмкін. Кәсіптік этиканың ережелері мен принциптері бірнеше кәсіптерді қамтуы мүмкін. Мысалы, педагог этикасы мектептерді, орта арнаулы және жоғары оку орындарында істейтін адамдардың қарым-қатынастары ұқсастығына байланысты оларды реттейтін жалпы нормаларды қарастырады.

Күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша кеңес мүшесі А.Ю.Кандыбыко:

Педагогикалық әдел-етика ғылымының бөлігі болып табылады және педагогикалық адамгершіліктің ерекшеліктерін зерттейді, педагогикалық еңбектегі адамгершіліктің ортақ қағидаларының жүзеге асырылуын қадағалайды, оның негізгі қызметтерін және этикалық категорияларды қарастырады.

Педагогикалық іс-әрекеттің нәтижесі үшін атқарылатын кәсіптік жауапкершиліктің көрсеткіштері:

- кәсіпке, қоғамға деген қарым-қатынас
- Тәртіпті болу, өзіне және балаларға қatalдықпен карау
- Эмоциялдық байсалдылық, әделтілік
- Ұжымдағы әріптестермен жақсы қарым-қатынас

Педагогтың өзінің алдына қойған жағарғы талаптардың көрсеткіштері:

- Әділ болу, балалардың берінің бірдей екендігін мойындау
- Өз мінезд-құлықтарына баға беру, өзін-өзі сынау
- Өзін-өзі үзбей жетілдіріп тұру.

Педагогикалық әдел:

- тілдесу, қарым-қатынас жасау кезінде
- сөйлесу икемділігінде
- окушылардың іс-әрекеттерін ұйымдастыра алу икемділігінде
- өзін-өзі ұстай алу және талап ету икемділігінде
- ескертужасаған кезде
- баланың мінезд-құлқына баға берген кезде
- мадактау және жазалай білу икемділігінде
- дауыс ырғағында

Педагогикалық әделтің ерекшеліктері:

- 1) ұстаздың кәсіби мінезд-құлығындағы, іс-әрекеттің өлшем
- 2) ықпал етудегі және өзара әрекеттесудегі әдістерді, турлерді, тәсілдерді тандау өлшемі

Әделтілік - педагогтың мінезд-құлығындағы ерекшелікке айналу керек.

Педагог қызметінде өз пәннің жетек білу және оқытуудың әдіс-тәсілдерін жақсы меңгеру маңызды ма, алде оның педагогикалық мәдениеті мен өмірлік ұстанымы маңызды ма?

Кеңес төрағасы:
Хатшы:

Ж.Н.Аскарова
А.К.Балтина